

## Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының бас жоспары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 наурыздағы N 168 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 722 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 22.09.2022 № 722 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес және Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының кешенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты мақұлдаған Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының бас жоспарының жобасы бекітілсін.
2. "Петропавл қаласын дамытудың бас жоспары туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1984 жылғы 29 наурыздағы N 120 қаулысының күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 6 наурыздағы  
N 168 бекітілген

қаулысымен

## **Петропавл қаласының бас жоспары**

### **1. Бас жоспардың қызметі**

Солтүстік Қазақстан облысының орталығы - Петропавл қаласының бас жоспары аймақтандыруды, аумақты жоспарлау құрылымын және функционалдық ұйымдастыруды, көліктік және инженерлік коммуникация

жүйелерін, көгалдандыру және абаттандыруды белгілейтін қаланың қосымша құрылысын кешендік жоспарлауды анықтайтын қала құрылысының негізгі құжаты болып табылады.

Петропавл қаласының бас жоспары "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Бас жоспарда келесі жобалық кезеңдер қабылданды:

шығыс жыл - 2003 ж. (01.01.2004)

есептік мерзім - 2004-2015 ж.ж. (2004-2008 ж.ж. құрылыстың бірінші кезегін бөле отырып)

Бас жоспарда Петропавл қаласының аумағын дамытудың негізгі бағыттары, әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымдарды қоса, табиғи-климаттық жағдайларды есепке алып, сондай-ақ, функционалдық аймақты, резервтік аумақты және табиғи және техногендік құбылыстардың және процестердің қауіпті әсерінен қорғау жөніндегі шараларды, экологиялық жағдайларды жақсарту айқындалды.

## **2. Әлеуметтік-экономикалық дамытудың индикаторы**

### **Демография**

Демографиялық процестердің динамикасы келешекте баяғыдан тұрақталған дәстүрлі, сондай-ақ, өсіп келе жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және қоғамдық өмірді қайта құру барысында қалыптасқан жаңа қоғамдық дамыту факторларының барлық жиынтығымен анықталады.

Петропавл қаласының демографиялық даму сипаттамасы халықтың табиғи және миграциялық қозғалыстарымен, олардың ауқымдары және бағыттары әлеуметтік-экономикалық қайта құру нәтижелеріне байланысты болады:

қаланың экономикалық потенциалын дамыту;

еңбекпен қамту және жалақы төлемінің деңгейі;

мемлекеттік және жергілікті әлеуметтік саясат және басқа факторлар.

Халықтың келешектегі санын болжау нұсқалары туудың кезең-кезеңмен артуы (1000 тұрғынға 12,4-тен 22-ге дейін), өлімнің қысқаруы (1000 тұрғынға 16,6-дан 10,6-ға дейін), халық өмірінің ұзақтығын арттыру және көші-қонның өсу болжалын ескере отырып, көзделді. Көші-қонның оң сальдосына 2003 жылы қол жеткізілді және болжанатын кезеңге дейін де осылайша көзделді.

Қазіргі бар халықтың саны (2004.01.01) қалалық әкімшілік бойынша - 193,3 мың адам, Петропавл қаласы бойынша - 192,4 мың адам. Петропавл халқының болжанатын саны тұрақты және инерциялық демографиялық беталыспен

анықталады. Петропавл қаласы тұрғындарының перспективті саны есептеу мерзіміне саны 1,2 мың адам болатын қалалық әкімшілік құрамына енетін ауыл тұрғындарының санын ескеріп 230 мың адам деп белгіленді.

Халықты жұмыспен қамту құрылымын есептеу көрсеткіштері қаланың экономика салаларындағы жұмыспен қамтылатындар санының 2003 жылғы 85 мың адамнан Бас жоспардың есептеу мерзіміне 109 адамға дейін артатынын болжайды.

Қаланың әлеуметтік және қала құрылыстық дамуының негізгі мақсаты қаралып отырған аумақта халықтардың тұруына әлеуметтік-психологиялық қолайлылық және жоғары деңгейді құру.

Мына көрсеткіштерді 2003 жылғымен салыстырғанда Бас жоспарды есептеу мерзіміне арттыру Петропавл қаласы қала құрылысының негізгі бағыттарының тиімділігінің экономикалық индикаторлары болып табылады.

жалпы өңірлік өнімді өндіру көлемін 3 есе;

бір адамға шаққандағы кірістерді 2 еседен асыру.

Тұрмыстық-азаматтық құрылыс

Жаңа тұрғын үй құрылысының көлемін есептеген жағдайда, Бас жоспарды есептеу мерзіміне қаланың барлық тұрғын үй қорын 5980,0 ш.м. ұлғайтқанда европалық деңгейге (26 ш.м./адам) жақындатылған жайлы тұрмыстық жағдайға қол жеткізу үшін жыл сайын тұрғын үйді іске қосуды біртіндеп өсіру тенденциясын ұстау қажеттілігі және қазіргі заманғы жағдай ескерілді.

Мемлекеттік тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасын ескеріп, жобалау кезеңінде жалпы ауданы 2371,2 мың ш.м. құрылыс салу көзделді. Тұрғын үй саясатында бау-бақшасы бар үй-жайлық тұрпатты аз қабатты құрылыс басымды даму алады.

Құрылыс бос аумақтарда да (1297,0 мың ш.м./1093 га), ескі үйлерді бұзу (928,8 мың ш.м./285 га) және қазіргі бар құрылыстарды тығыздау (145,4 мың ш.м./39 га) есебінен қайта жаңартылатын аумақтарда да жүзеге асырылады.

Қазіргі бар аз қабатты қадірсіз тұрғын үй қорын кеміту 212 мың ш.м. мөлшерінде көзделуде немесе қазіргі бар үйлерден 5,5%-ға және жаңа тұрғын үй қорының көлемінен 8,9%.

Петропавл қаласын қайта жаңартудың және дамытудың басым бағдарламасы тұрғын аудандарда халықтың барлық әлеуметтік топтары үшін әртүрлі тұрпаттағы тұрғын үйлер құрылысын салудың кешенділігі болып табылады, ол құрылысқа шығынды азайтуға ықпал ететін болады және жаңа келбетті қала құруды қамтамасыз етеді.

Жаңа тұрғын үй құрылысының ең ірі алаңшалары - "Орталық", "Жас Өркен", "Ой қала", "Орман", "Шығыс", "Юбилейный", "Солнечный" және "Пестрое" көлі ауданы.

Тұрғын элиталы құрылыс салу "Орман" тұрғын үй кеңістігіндегі орман отырғызудан бос учаскелерде, "Ой қалада" қайта жаңартылған аумақтарда, "Пестрое" көлі ауданы мен жалпы қалалық орталықта қаланың ең маңызды қала құрылысы тораптарының жақсартылған сәулеттік келбетін қалыптастыру мақсатында құрылатын болады.

Бас жоспармен мекемелердің қалалық және облыстық маңызы бар нысаналарды әлеуметтік-экономикалық қызмет көрсету минимумымен қамтамасыз етуінің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізу бағытындағы жаңа әлеуметтік-экономикалық және қала құрылыстық жағдайларды ескеріп, әлеуметтік саланы дамыту көзделген.

Қаланың әлеуметтік салалары дамуының негізгі басымдықтары оның Солтүстік Қазақстан облысының облыстық орталығы және туризм, демалыс және өңірдің спорттық рекреациясы орталығы мәртебесіне сәйкес келетін келешектегі дамуы болып табылады.

Жоспарланған аудандарды қызмет көрсететін нысандардың, парк және спорт аймақтарының толық кешенімен, сондай-ақ, бар парктерді, скверлер мен сауда аймақтарын қайта жаңартып және абаттандырып, қоғамдық орталықтарды дамыту жоспарланды.

#### Экономикалық қызмет

Петропавл қалалық әкімшілігінің экономикалық қызметінің негізін қайта өңдеу өнеркәсіптері, электр қуатын, газ бен суды өндіру және бөлу құрайды. Олардың үлесіне өнеркәсіп өнімдері көлемі және экономикамен айналысатын халықтың маңызды бөлігі жатады.

Экономикалық дамудың гипотезасы дәстүрлі өңдеу өнеркәсібі салаларының дамуы тарихи қалыптасқан ресурстық әлеует (машина, көлік құралдары мен жабдықтары, азық-түлік өнімдері мен электр қуаты, газ бен су), сондай-ақ экономикалық қызметтің жаңа саласын-радиоэлектрондық өнеркәсіпті құру және дамыту негізінде әзірленген.

Қаланың өнеркәсіптік кешені дамуының басты мақсаты ішкі және сыртқы нарық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бәсекелестікке қабілетті өнімдер өндірудің тұрақты өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Экономиканың мемлекеттік және жеке секторларды одан әрі тиімді үйлестіру және өзара әрекеттестігі, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы жоспарланды.

Материалдық өндіріс аясының салаларын жаңарту және реструктуризациялау экологиялық таза және жоғары технологиялық пайдаға ұсынылды.

Бас жоспар өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыруды ұсынады, оның мақсаты олардың экологиялық қауіпсіздігін арттыру және қаланың дамуы мүддесінде олардың қала құрылыстық әлеуетін тиімдірек пайдалану.

Алдағы уақытта Петропавл қаласы ауыл шаруашылық, машина жасау өнімдерінің, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері тауарларының халықаралық көрмелерін өткізу үшін шағын бизнес орталықтары-бизнес инкубатордың, технологиялық парктердің қалыптасқан желілерімен, жоғары дамыған қонақ үйі, мейрамханалары және көрме кешендері бар халықаралық сауда орталығы ретінде қаралады. Қазіргі уақытта қала экономикасында шекаралық сауда үлкен орын алатындықтан, Қазақстан ВТО-ға енгеннен кейін қаланың маңыздылығы артуы мүмкін.

Петропавл қаласы дамуының мақсаты барлық әлеуметтік мәселелерді шеше алатын сенімді инженерлік-көліктік инфрақұрылымы бар тұрақты және бәсекелестікке қабілетті экономиканы қалыптастыру болып табылады.

#### Қаланың рекреациялық инфрақұрылымы

Қаланың рекреациялық инфрақұрылымының дамуы тарихи-мәдени мұра әлеуетін пайдаланатын және осы аймақтағы тарихи мұра және табиғи әлеуетті сақтау, жаңғырту және қаржылық мәселелерін түбегейлі шешуге қабілетті әдемі теңдессіз бар жаңа тиімді экономика секторы ретінде туризм, спорт және белсенді демалыс индустриясын қалыптастыруға бағытталған.

Қонақ үй және мейрамхана бизнесі, көліктік-коммуникациялық жүйелер, аграрлық азық-түлік кешені, құрылыс, халық қолөнерінің дамуы және т.б. жалғас салалардың дамуымен шетелдік және ішкі тарихи-мәдени танымдық туризм бағыттардың басымды түрлерінің бірі болып табылады.

Бас жоспар орталығы Петропавл қаласында орналасатын туризмнің кешенді инфрақұрылымын құруда мыналарды көздейді:

бар демалыс аймағын қайта жаңарту және жаңа туристік базалар құру;

кәсіби экскурсиялық қызмет орталығын қалыптастыру;

ақпараттық-анықтама қызметі, туристік бюро және көліктік агенттіктер орталығын құру;

ойын-сауық, көрме, жәрмеңке индустриясын, сауда-тұрмыстық мақсаттағы нысандар, спорттық-сауықтыру кешендері мен медициналық пунктерді дамыту;

әуежайында және теміржол вокзалында көліктік туристік қызмет көрсету жүйесін ұйымдастыру, арнайы көлікке қызмет көрсету паркі мен кәсіпорындарын және автомобиль прокатын дамыту, туристік аймақтарда автотұрақтар көлемін арттыру.

### **3. Петропавл қаласының қала құрылыстық дамуының мақсаттары**

Петропавлдың қала құрылыстық дамуының басты мақсаты - ол жайлы және эстетикалық тартымды өмір сүру ортасын құруды қамтамасыз ететін қаланың экологиялық тұрақты және үйлесімді дамуы; өмір сапасын жақсарту.

Осы мақсатқа жету мыналарды сипаттайды:

қала құрылыстық шешімдердің сабақтастығы;  
қала келбетінің сәулеттік-кеңістік бірлігі және эстетикалық мәнерлілігі;  
тұрғын үй мәселелерін шешу кешенділігі, тұрғын аумақтарын қайта жаңарту және дамыту, қолайлы тұрғын үй ортасын қалыптастыру;  
тұрғын үйлік, өнеркәсіптік, қоғамдық-іскерлік, табиғи-рекреациялық және басқа да қалалық аумақтардың теңестіріліп дамуы;  
қоғамдық орталықтар жүйесінің дамығандығы және қол жетімді болуы;  
өндірістік аумақтарды пайдаланудың тиімділігі;  
өмір сүру ортасының экологиялық қауіпсіздігі және табиғи кешеннің тұрақтылығы;  
көліктік және инженерлік инфрақұрылымның сенімділігі, қауіпсіздігі және тұрақтылығы.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу Петропавл қаласының аумағын қайта ұйымдастыру және абаттандыру, қазіргі бар құрылыстарды қаланың тарихи орталығын сақтап қайта жаңарту, өмір сүру ортасының сапалық сипаттарын арттыру жолымен жүзеге асырылуы тиіс.

Қоршаған ортаға әсер етуін бағалау

Петропавл қаласының қала құрылыстық дамуының экологиялық талаптарына мыналар жатады:

Оның тұрақты экологиялық қолайсыз аймақтарындағы өмір сүру ортасын түбегейлі сауықтыру, ең алдымен қаланың оңтүстік-шығыс, шығыс және оңтүстік аудандарында;

табиғи кешеннің қазіргі бар аумақтарын жағымсыз антропогендік әсерлерден қорғау, жүргізілген шаруашылық қызметі салдарынан жоғалтқан Есіл өзенінің аңғарын сауықтыру және жаңғырту, сондай-ақ, резервтік аумақтарда жасыл алқаптар қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

өмір сүру ортасының жайлылығын, оның ішінде аумақтарды жасылдандыру және қаланың тұрғын үйлік және қоғамдық аймақтарындағы микроклиматтық жағдайларды жақсарту жолымен арттыру.

Петропавл қаласының қала құрылыстық дамуына қойылатын экологиялық талаптардың қажетті орындау шарттары болып табылады:

қала аумағын нақты функционалдық аймақтарға бөлу;

қаланың ықшамды функционалдық-жоспарлау құрылымы;

Есіл өзенінің аңғарында рекреациялық жүйе қалыптастыру;

Есіл өзенінің жағалық алқабын инженерлік қорғау жөніндегі іс-шаралар;

Су қорғау аймағын (500 м) және жағалауға жақын алқапты (100 м) сәйкес Есіл өзені (300 м) және Пестрое көлінде (50 м) ұйымдастыру және абаттандыру, оны қаланың пайдалануына қатаң регламент белгілеу;

өнеркәсіптік және селитебтік аумақтар арасында санитарлық-қорғау аймақтарын ұйымдастыру;

табиғи кешеннің қазіргі бар аумақтарын қолайсыз антропогендік әсерлерден қорғау және жасылдандырудың үздіксіз жүйесін қалыптастыру және құру және қаланың тұрғын үйлік және қоғамдық аймақтарында микроклиматтық жағдайларды жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру;

жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру және магистральдардың өткізу қабілетін арттыру, магистральдардың бойында шудан қорғайтын үйлер мен экрандар салу, тұрақты сұрыпты жасыл алқаптар құру арқылы шулы қолайсыз аймақтарды жою;

бұзылған аумақтарды қалпына келтіру (күл, қоқыс-қалдықтар төгетін жерлерді және т.б.);

экологиялық таза аз қалдықты және қалдықсыз технологиялар енгізу, ұйымдастырылмаған қалдықтар көздерінің санын азайту, өнеркәсіптік қалдықтар көздерін, ағынсыз өндіріс циклдарын шаңұстағыш қондырғылармен қосымша жабдықтау, өнеркәсіп нысандарының су тазартқыш жабдықпен жабдыкталуын 100% дейін жеткізу;

ауыз су тазалығы стандарттарының сақталуын және өндірістік және коммуналдық ағынды су мен жер үсті суағардың тазалануын қамтамасыз ету;

көлік қозғалысының үдемділігін ұлғайту және жүктің толассыздығын бөлуді қадағалау;

жүк көлігінің ерекше қозғалысымен және аралас қозғалысқа арналған айналма жолдар салу;

сумен жабдықтау және су бұрудың орталықтандырылған жүйелерін қайта жаңарту және кеңейту;

электрондық деректер жиынтығын және оларды басқару технологиясын құрып, экологиялық-геохимиялық мониторингтің (атмосфераның, Есіл өзені мен көлдердің, жер асты суының, өсімдік әлемінің, геологиялық ортаның және т.б.) бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру;

қоныстық және өнеркәсіптік аймақтардағы әуе бассейнінің жағдайын қадағалау үшін екі жаңа стационарлық бекеттер құру;

экономикалық жағдай жасау жүйесін енгізу (санкцияларды қоса), табиғатты тиімді пайдалануға бағытталған.

Тарихи-мәдени мұраларды сақтау және қалпына келтіру

Петропавл қаласындағы сақталған тарихи ескерткіштер халықтың мемориалдық және көркем мәдениеті болып табылады, жас буындарды эстетикалық және идеологиялық тәрбиелеудің көзі және құралы ретінде қызмет атқарады.

Басқа тарихи және мәдени ескерткіштермен салыстырғанда, сәулет ескерткіштерінің ерекшелігі (ойқалада орналасқан шіркеу, Есіл өзенінің биік жағасындағы бекініс) қаланың кеңістік композициясындағы, көшелер мен алаңдарды қалыптастыруда олардың белсенді көрнекі рөлі болып табылады.

Осы тарихи-сәулеттік ескерткіштерді сақтау мақсатында арнайы зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізу қажет.

Бас жоспармен қала құрылысына жол ашқан бұрынғы бекіністі қалпына келтіру көзделген. Ол жерде "Петропавл бекінісі" тарихи мұражайы салынбақшы. Сондай-ақ, қала аумағында туризмге қызмет көрсететін нысандар, түрлі көру алаңшалары мен автотұрақтарды орналастыру жобаланып отыр.

Аумақты сәулеттік-жоспарлық ұйымдастыру

Петропавл қаласы белгіленген мерзімге дейін Қала құрылыстық даму тұжырымдамасына сәйкес солтүстік бағытта Есіл өзенінің оң жағалауына қарай аумақты дамитын болады.

Қаланы өндірістік және қоныстық аумақтарға нақты бөлу көзделеді. Қаланың негізгі функционалдық аймақтары болып табылады:

тұрғын үй кеңістіктері, қызмет ету учаскелері мен кәсіпорындары, ортақ пайдаланымдағы екпе ағаштар, көшелер, өткелдер, алаңдар мен автотұрақтар орналасатын қоныстық аймақ;

солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс жағындағы өндірістік аймақта өнеркәсіп кәсіпорындары, базалар және қоймалар, коммуналдық қызмет ету нысандары орналасқан;

сыртқы көлік, автокөлік кәсіпорындары мен базалар аумақтары;

санитарлық-қорғау, су қорғау, желден қорғау орманды дала аймақтары және орман-бақтар және Есіл өзенінің көгалдандырылған жайылмасы.

Қабылданған сәулет-жоспарлау шешімі есепті мерзімнің соңына 5 жоспарланған аудан ұйымдастыруды көздейді. Оның әрқайсысында аудан тұрғындарын мәдени-тұрмыстық мақсаттағы нысандармен қамтамасыз ететін қоғамдық орталықтар ұйымдастырылады.

1. Орталық жоспарланған аудан: шығыста Жамбыл көшесі, Университет көшесі теміржол вокзалына дейін батыста Есіл өзені, солтүстікте Гашек көшесі шекараларында.

Осы жоспарланған ауданның басым бөлігі қайта жаңартуға жатады.

Қаланың бас көшелерінің бірі - Жамбыл көшесінің бойындағы тозған бір қабатты құрылысты, сондай-ақ құнсыз тұрғын үй қорын көп қабатты, мәдени-тұрмыстық, ойын-сауық мақсатындағы нысандармен ауыстыру ұсынылады. Құрылыстың бірінші кезеңінде осы жоспарланған ауданда "Жас Өркен" тұрғын үй кеңістігі пайда болуы тиіс.



Жоба М.Жұмабаев көшесін Юбилейный көшесіне дейін ұзартуды көздейді. Магистраль жанындағы аумақтар көп қабатты үйлер, мәдени-тұрмыстық, әлеуметтік мақсаттағы нысандар салынатын болады.

Қаланың ойқала бөлігі қайта жаңартылуға жатады. Қаланың солтүстік-батыс жағындағы Папанин көшесінің бойында "Подгорный" тұрғын үй кеңістігі орналасқан. Бұл кеңістікте шағын қабатты блокталған үй салу көзделді.

2. Оңтүстік жоспарланған аудан қаланың оңтүстік жағынан теміржол магистралімен бөлінген. Аудан негізінен жеке құрылыстан тұрады.

Осы жоспарланған аудан екі тұрғын үй кеңістігінен тұрады:

"Жұмысшы кенті" және "Пестрое" көлі алқабы. "Жұмыс кенті" тұрғын үй кеңістігі қазіргі уақытта салынған үйлерден оңтүстікте орналасқан. Магистраль бойында шағын қабатты блокталған үйлер салуға болады. Қалған аумақ - үй жанындағы учаскелері бар жеке құрылыстар.

Магистральды көшелердің қиылысында жоспарланған ауданның қажетті қызмет көрсету нысандары бар орталығын салу көзделуде.

Жоспарланған ауданның батыс бөлігінде "Пестрое көлі" тұрғын үй кеңістігі орналасады, онда үй жанындағы учаскелері бар құрылыс көзделді.

3. Солтүстік жоспарланған аудан Гашек көшесінен жоғары қаланың солтүстігінде орналасқан. Осы жоспарланған ауданда 19 және 20 шағын аудандар орналасқан. Жоба осы шағын аудандарды тығыздауды ұсынады.

Юбилейная көшесінің бойындағы магистраль жанындағы бос аумақтарда көп қабатты үйлер салынады. Осы ауданда "Балалар" ауылынан шығысқа қарай орналасқан жеке учаскелері бар "Шығыс" тұрғын үй кеңістігі де салынады.

Саяжайлар салынған ауданда және танкодром аумағына бөлінген жерде жобамен "Орман" тұрғын үй кеңістігін орналастыру ұсынылады. Осы орманда орналастырылған тұрғын үйлер кеңістіктері оны қаланың элиталық ауданына айналдыруы тиіс.

Бос аумақтарда құрылыс салған кезде бар орман-бақтарды, парктер мен саябақтарды, ортақ пайдаланудағы екпе ағаштарды барынша сақтау қажет.

"Солнечный" тұрғын үй кеңістігі де одан әрі дамитын болады. Осы тұрғын үй кеңістігіндегі негізгі құрылыс учаскелері бар жердегі үйлер. Юбилейная көшесі бойында блокталған құрылыс, сондай-ақ қызмет көрсету, мәдени, тамақтану нысандарын, дүкен салу ұсынылады.

4. Жоспарланған сол жағалауындағы аудан Есіл өзенінің сол жағасындағы бар "Былғары зауыты" және "Заречный" тұрғын үй кеңістігі кіреді. Осы жоспарланған ауданда тұрғын үй құрылысы қарастырылмаған, өйткені барлық аудан су басу аймағында орналасқан. Сондықтан жобада жағалауларды нығайту жұмыстары және аймақты инженерлік дайындау бойынша іс-шаралар өткізу, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы нысандар салу ұсынылады.

5. Жоспарланған өнеркәсіп ауданы жоспарланған Орталық ауданға шығыс жағынан қосылады, оған "Копай", "Бензострой" тұрғын үй кеңістіктері мен өнеркәсіп аймағы кіреді.

"Копай" тұрғын үйлер кеңістігі ауданында есепті мерзімге қалалық магистраль болуға тиісті Крепостная көшесінің бойында көп қабатты құрылыс ұсынылады.

Жобада "Бензострой" тұрғын үй кеңістігінде көп қабатты құрылыс салу ұсынылады, онда қазіргі кезде жер кесіп берілді.

Есепті мерзімге дейін Бас жоспармен 1417,0 га қоныстық аймақты игеру көзделеді.

Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары

Маңызды құрылымды қалыптастыратын элемент - Петропавл қаласының қоғамдық орталығы, өзара бірыңғай жүйеде байланысқан басты жалпы қалалық қала құрылыстық тораптардан, алаңдар мен жоспарланған аудандар орталықтарынан тұрады.

Бас жоспарда жалпы қалалық және басқа да қоғамдық орталықтар кеңістігі жүйесін қалыптастыру, өзен жағалауы алқабында және орман-бақ аймағында халық жаппай дем алатын дене шынықтыру-сауықтыру және мәдени-ойын-сауық мекемелерін орналастыру жөнінде принципті шешімдер берілген.

Қазіргі бар, жаяу жүргіншілер жүретін Конституция көшесінің бойында қалыптасқан жалпықалалық орталық одан әрі дамиды.

Конституция көшесі мен Жамбыл көшесінің қиылысында мәдени-демалыс орталығымен "Достық" алаңы салынады.

Қалада халықаралық бизнес, сауда және іскерлік қарым-қатынас орталығы ретіндегі өңірлік функцияларды кеңейтуді қосатын коммерциялық-іскерлік сала одан әрі дамиды. Осыған байланысты, қаланың әртүрлі аудандарында негізгі көлемдік-кеңістік тораптардың қалыптасуын толықтыратын коммерциялық-іскерлік сала мекемелерін салу көлемін көбейту белгіленді.

#### **4. Көлік инфрақұрылымының дамуы**

Бас жоспарда сыртқы көлік жүйесінің дамуы (әуе, теміржол, су, автомобиль, және құбыр) және қалалық көше-жол желісінің құрылыстары және жаңа құрылыс нысандарын салу және қалпына келтіру, көлік жолдарының, көпірлер мен қала көлігінің дамуы бойынша өткізілетін іс-шаралар көрсетілген. Теміржол вокзалы мен әуежайды қайта жаңарту жоспарланды.

Жобамен қаланың сыртқы көлік байланыстарын әрі қарай дамыту ұсынылады : қаланың осы заманғы көше-жол желісін қалыптастыру, Петропавлдың әртүрлі аудандары арасында сенімді көлік байланысын құру, инфрақұрылыммен сай келетін магистраль желісін жарақтандыру.

Есепті мерзімге қаланың көше-жол желісін дамыту және жетілдіру жөніндегі ұсыныстар Бас жоспардың сәулеттік-қала құрылыстық шешімімен және қаланың қалыптасқан жоспарлы құрылымы өзара байланыстырылған.

## **5. Инженерлік инфрақұрылымның дамуы**

Сумен жабдықтау

Бас жоспарда Петропавл қаласының қазіргі сумен жабдықтау сұлбасы сол қалпында сақталады.

Қалада суды пайдалану 1 кезекке 90,25 мың м<sup>3</sup> /тәулікте, белгіленген мерзімге 106,13 мың м<sup>3</sup> /тәулікте құрайды. (қазіргі су пайдаланумен салыстырғанда 50,84 мың м<sup>3</sup> /тәулікте).

Қазіргі су тартқыштың қуаттылығы қаланы қажетті сумен қамтамасыз етеді.

Сумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін, бірінші кезекте, қаладағы апаттық учаскелердің желілерін қалпына келтіру және ауыстыру көзделіп отыр.

Жобамен су құбырларының имараттарын орталықтандырылған автоматтандырылған басқару жүйесін және суды тазарту үшін жаңа технологияға көшу көзделді.

Су тарату жүйесі

Бас жоспарда Петропавл қаласының қазіргі бар канализацияның сұлбасы сол қалпында сақталады.

Су тарату мөлшері 1 кезекке 65,37 мың м<sup>3</sup> /тәулігіне, белгіленген мерзімге 82,24 мың м<sup>3</sup> /тәулігіне (қазіргі су таратумен салыстырғанда 41,87 мың м<sup>3</sup> /тәулігіне) құрайды.

Қазіргі бар құбырларды механикалық және толық биологиялық тазарту ҚТҚ қуаттылығы қаладан болашақта болатын канализация қалдықтарының көлемін қабылдауға мүмкіндік береді.

Жобамен қазіргі бар нысандарды одан әрі қайта жаңарту және жаңа канализация желілері мен құрылыстарын салу көзделеді. Аз қабатты үйлер және жаңа құрылыс басталатын аудандарда 7 КНЖ салу көзделді.

Санитарлық тазарту

Қазіргі уақытта қатты тұрмыстық қалдықтар және өнеркәсіп кәсіпорындарының өндірістік қоқыстары қаланың селитеб аумағынан оңтүстік-шығыс жаққа қарай орналасқан ҚТҚ полигонына шығарылады. ҚТҚ полигонының ауданы 21 га.

Қала аумағынан әкелінген қалдықтардың жиналуы мен залалсыздандырылуы жетілдірілген қоқыстар үйіндісінде жүзеге асырылады. Ол үшін ҚР СҚ 1.04-15-

2002 талаптарына сай ҚТҚ полигонын толық қайтадан жаңарту ұсынылып отыр. Полигондағы ҚТҚ жинау, тығыздау, оқшаулау жөніндегі жұмыстар механикаландырылып жүргізіледі.

Аумақты инженерлік дайындау

Бас жоспармен қала аумағында топырақ суының деңгейін төмендету, ағын суының жер бетінен өтуін және екпе ағаштардың суарылуын ұйымдастыру, аумақтарды Есіл өзенінің тасқын суынан қорғау және жағалау алқабын көркейту көзделді.

Қала жерлерін құрылыс жүргізуге тиімді пайдалану үшін негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

36,3 шақырымға созылатын өзі ағатын нөсер суы канализацияларының желілерін, 7 шақырымға созылатын арын нөсер құбырларын, 4 шақырымға созылатын дренаждық желілерді, 5 дана нөсерлік және дренаждық ағындарды қайта құятын насос станцияларын салу;

нөсерлік және дренаждық суды жинау және тазалау үшін 36,3 шақырымға созылатын қала аумағынан келетін жер бетіндегі суды жинау және тарту үшін тазарту құрылыстарымен бірге нөсер суы канализацияларының жабық жүйесінің 10 тұндырғышын салу;

жер асты су қабаттары 0-ден 2,0 м дейін орналасқан аумақтарда көлбеу жабық дренажды және жертөлелері бар ғимараттарда қосымша жертөле бөлмелерінде гидрооқшалау жүйелерін салу;

Есіл өзенінің жанындағы аумақтарға су жайылмау үшін, оның арнасында тасқын суының үздіксіз өтуін қамтамасыз ететін гидротехникалық құрылыстар кешенін салу;

Есіл өзенінің жайылмасында суда спорттық демалыс аймағын құру.

Жылумен жабдықтау

Қаланың суммарлық жылу жүктемесі Бас жоспардың есебімен 1 кезекке - 1050 Гкал/сағ., есептік мерзімге - 1427 Гкал/сағ. белгіленген.

Петропавл қаласының жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

барынша жетілдірілген энергия қуатын сақтайтын және экологиялық тиімді технология болып табылатын ЖЭО жылуландыру базасы негізінде орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесін сақтау, жетілдіру және одан әрі қарай дамыту (электр және жылу қуатын қоса шығару);

зауытта жасалған (АОЖ) осы заманғы, сапасы жоғары автономды жылыту жабдықтарын енгізу арқылы жер үй салынған аудандарда орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау жүйесін жаңарту, жетілдіру және дамыту;

Жылуландыру жүйесінде мынадай шаралар қарастырылады:

жұмыс істеу мерзімі біткен, ескірілген жабдықтарын ауыстыру арқылы ПЖЭО-2 техникалық жақтан қайта қаруландыру, жаңарту, сондай-ақ, технологиялық жағдайды осы заманғы әлем стандарттарының деңгейіне сай келетіндей етіп станцияны одан әрі кеңейту;

нормадан артық мерзімде ұзақ пайдаланылған қазіргі бар жылыту желілерін кезең-кезеңмен қайта жаңарту және қалпына келтіру, және де жылуландыру аймағында жаңа учаскелерді салу.

#### Электрмен жабдықтау

Барлық жобалау кезеңге генерирленген қуаттылығы бойынша артық болып табылатын, белгіленген қуаттылығы 380 МВт болатын ПЖЭО-2 Петропавл қаласын және маңайындағы аудандарды орталықтандырылған электрмен жабдықтаудың негізгі көзі болып табылады.

Бас жоспардың есептерімен белгіленген мерзімге қаланың электр қуатын пайдалануы 1440 млн. кВт.сағ. көлемінде күтіледі, оның ішінде бірінші кезекте - 1000 млн.кВт.сағ., ең артық электр жүктемесі сәйкес түрде 230 және 180 МВт болады.

Бас жоспармен қаланың электрмен жабдықтау жүйесін дамытудың келесі бағыттары көзделген:

қазіргі бар 110 кВ ЖВЖ қайта жаңарту және ПЖЭО-2-ден шығатын 110 кВ ЖВЖ қимасы одан үлкеніне ауыстырып, оның басты учаскелерін нығайту;

құрылыс жүріп жатқан аймақта ахуалды және моральды ескірген ПС қайта жаңарту және техникалық қайта қаруландыру, қуаттылығы мол алты 110/10 кВ ПС-қа трансформаторларды ауыстыру;

болашақта құрылыс басталатын аудандарда екі жаңа 100/10 кВ ПС құру;

110 ЖВЖ және 35 кВ өтетін трассаны ретке келтіру;

10 кВ қалалық электр желісінің шаруашылығын жаңарту және техникалық жақтан қайта қаруландыру.

#### Газбен жабдықтау

Барлық жобалау мерзіміне тұтынушыларды сұйытылған көмірсутекті газбен (СКГ) қамтамасыз етудің қазіргі жүйесі сол қалпында сақталады.

Газды тұтыну мөлшерін нормативтік деңгейге дейін жеткізу жобаланады.

Бас жоспардың есебімен СКГ жылдық шығыны 1 кезекке 14269 т, белгіленген мерзімге - 14308 т. мөлшерін құрайды.

Петропавл қаласы бас жоспарының жобасы бойынша негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

№ п/п	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Шығыс жылы	Бірінші кезек	Есептік мерзім
1	2	3	4	5	6
1	Аумақтық				

1.1	Селитебті аумақтар	га	3570	3683	4641
1.1	Ықшам аудандар, кварталдар - барлығы,	га	2203	2525	3335
	соның ішінде:				
	- үй-жайлық құрылыс	га	1350	1538	2032
	- бір-екі қабатты қосымша құрылыс	га	93,7	75,7	71,7
	- үш-төрт қабатты қосымша құрылыс	га	71	87	87
	- бес қабатты қосымша құрылыс	га	516	618	853
	- алты-он қабатты қосымша құрылыс және одан жоғары	га	172,3	176,3	198,3
	- аз қабатты блоктық қосымша құрылыс	га		30	93
1.1	Қалалық және облыстық маңыздағы мәдени-тұрмыс -тық қызмет көрсету және спорт құрылғылары мекемелерінің аумағы	га	210	240	320
1.1	Жалпы қалалық маңыздағы жасыл желектер	га	50	120	140
1.1	Магистралды көшелер, алаңдар, автомобиль тұрақтары	га	223	305	393

1.1 5	Өзге аумақтар - барлығы,	га	760	493	453
	соның ішінде:				
	- өнеркәсіп- тік және коммуналдық қоймалық қосымша құрылыс және т р у б а құбырлары	га	205	185	165
	- темір жолды кесіп беру	га	175	175	175
	- танкодром	га	26	6	6
	- рекультива- цияны қажет ететін басқа аумақтар (жыралар, қолайсыз және қолда- нылмайтын)	га	354	127	107
1.1 6	Бос аумақтар- дың резерві	га	124	0	0
1.2	Қалған аумақтар	га	8587	8627	8629
1.2 1	Өнеркәсіптік, коммуналдық- қоймалық, көліктік және арнайы аумақ- тар және оларды дамыту үшін резервтер	га	2617	2667	2717
1.2 2	Саяжайлар, бақшалар	га	3186	3186	3218
1.2 3	Басқа аумақтар (қолайсыз және қолда- нылмаған, рекультива- цияны қажет ететін, санитарлық- қорғау аймақтары, өнеркәсіптік аймақтар резервісі)	га	2784	2774	2694

1.3	Өзге аумақтар	га	10004	9851	9541
1.3 1	Суқоймалар, жайылма аумақтар	га	1226	1226	1200
1.3 2	Ауыл шаруашылық маңыздағы	га	3971	3718	3214
1.3 3	Орман қоры	га	4674	4674	4554
1.3 4	Санитарлық- желден қорғағыш жасыл желектер	га	100	200	500
1.3 5	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	га	33	33	33
1.3 6	Жалпы қолда- ныстағы рекреациялық аймақ	га			40
	Қаланың жобалық шекарадағы барлығы	га	22161	22161	22811
2	<b>Халық</b>				
2.1	Халықтың саны - барлығы,	мың адам	193,3	210,0	230,0
	соның ішінде:				
	- қалада	мың адам	192,4	210	230
	- басқа елді мекендерде	мың адам	0,9	0	0
2.2	Халықтың тығыздылығы				
	- селитебті аумақтар шегінде	адам/га	54,1	57,0	50,0
	- қала аумағы шегінде	адам/га	8,7	9,5	10,1
2.3	Қалалық әкімшілік бойынша халықтың жас құрылымы				
2.3		мың адам			



1	15 жасқа дейінгі балалар	%	32,3/16,7	35,9/17,1	45,8/19,9
2.3 2	Еңбекке қабілетті халық (еркектер 15-62, әйелдер 15-57 жас)	мың адам %	129,5/67	140,5/66,9	156,4/68
2.3 3	Еңбекке қабілеті адамдар жасынан жоғары	мың адам %	31,5/16,3	33,6/16	27,8/12,1
3	<b>Тұрғын үй құрылысы</b>				
3.1	Тұрғын үй қоры	мың м <sup>2</sup>	3820,8	4410	5980
3.2	Жалпы қордан:				
3.2 1	- көп қабатты үйлерден	мың м <sup>2</sup>	2966,9	3393,2	4366,3
3.2 2	- үй-жай типтегі үйлер	мың м <sup>2</sup>	853,9	1016,8	1613,7
3.3	Тұрғын үй қорынан шығын, тозу 70%	мың м <sup>2</sup>		50,8	212
3.4	Сақталатын тұрғын үй қоры	мың м <sup>2</sup>		3770	3608,8
3.5	Қабат бойынша тұрғын үйді бөлу:				
3.5 1	үй-жайлық (коттедж)	мың м <sup>2</sup>	853,9	1016,8	1613,7
3.5 2	бір-екі қабатты	мың м <sup>2</sup>	139,7	118	112,4
3.5 3	үш қабатты	мың м <sup>2</sup>	99,2	146,6	146,6
3.5 3	төрт қабатты	мың м <sup>2</sup>	131,5	131,5	131,5
3.5 4	бес қабатты	мың м <sup>2</sup>	1939,4	2261	2995,0
3.5 5	алты-тоғыз қабатты	мың м <sup>2</sup>	455,8	470,8	552,4
3.5 6	он қабатты	мың м <sup>2</sup>	201,3	201,3	201,3
3.5 7	аз қабатты блоктық қосымша құрылыс	мың м <sup>2</sup>	0	64	227,1

3.6	Тұрғын үй қорының жалпы алаңынан халықтың орташа қамтамасыз етілуі	м <sup>2</sup> /адам	19,8	21	26
3.7	Жаңа тұрғын үй құрылысы	мың м <sup>2</sup>		640	2371,2
3.8	Қабат бойынша жаңа тұрғын үй қорының айырмасы				
	соның ішінде				
	үй-жайлық (коттедж)	мың м <sup>2</sup> %		192/30	944,5/39,8
	үш қабатты	мың м <sup>2</sup> %		47,4/7,4	47,4/2,0
	бес қабатты	мың м <sup>2</sup> %		321,6/50,3	1055,6/44,5
	алты-тоғыз қабатты	мың м <sup>2</sup> %		15/2,3	96,6/4,1
	аз қабатты блоктық қосымша құрылыс	мың м <sup>2</sup> %		64/10	277,1/9,6
	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		30,4	150,0
	соның ішінде, жергілікті бюджет қаражаты есебінен/республикалық бюджет қаражаты есебінен	млрд.теңге		1,1/1,28	1,1/1,28
4	<b>Мәдени-көрмелік және мәдени-тұрмыстық маңыздағы мекемелер</b>				
4.1	Мектеп алды балалар мекемелері (орын барлығы/1000 адам.)	( орын	2815/15	6615/32	13000/57
	жаңа құрылыс	орын		3800	10250

	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		2,0	6,3
	соның ішінде, бюджет қаражаты есебінен	млрд.теңге		0,06/0,35	0,21/0,35
4.2	Жалпы білімдік оқу орындары (барлығы/1000 адам)	орын	25039/130	30239/144	34900/152
	жаңа құрылыс	орын		4100	9100
	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		1,8	4,5
	соның ішінде, бюджет қаражаты есебінен/оның ішінде республикалық бюджет есебінен	млрд.теңге		0,07/0,84	0,13/0,84
4.3	Емханалар (барлығы/1000 адам)	сменасына қабылдаушылар	3489/18	4889/23	6050/26
	жаңа құрылыс	орын		1400	2500
	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		1,1	1,8
	соның ішінде, жергілікті бюджет қаражаты есебінен	млрд.теңге		0	0
4.4	Барлық типтегі стационарлар	кереует	2406/12	3636/17	5468/24
	жаңа құрылыс	орын		695	1832
	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		2,3	6,2
	соның ішінде, бюджет қаражаты есебінен/оның ішінде республикалық бюджет	млрд.теңге			0,4/0,44

	есебінен			0,28/0,44	
4.5	Сауда кәсіпорыны (барлығы/ 1000 адам)	м <sup>2</sup> сауда алаңы	60215/312	63715/303	64400/280
	жаңа құрылыс	м <sup>2</sup> сауда алаңы		3500	685
	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		0,3	0,1
	соның ішінде, бюджет қаражаты есебінен	млрд.теңге		0	0
4.6	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорыны (барлығы/ 1000 адам)	жұмыс орыны	1800/9	1800/9	2070/9
	жаңа құрылыс	жұмыс орыны		0	270
	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		0	0,2
	соның ішінде, бюджет қаражаты есебінен	млрд.теңге		0	0
4.7	Қоғамдық тағам кәсіпорыны (барлығы/ 1000 адам)	орын	6600/34	6600/31	9210/40
	жаңа құрылыс	орын		0	2610
	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		0	0,6
	соның ішінде, бюджет қаражаты есебінен	млрд.теңге		0	0
4.8	Көріністік- мәдени меке- мелер (барлығы/ 1000 адам)	орын	5055/26	17276/82	23600/103
	жаңа құрылыс	орын		12221	14831

	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		2,5	3,2
	соның ішінде, бюджет қаражаты есебінен	млрд.теңге		0	0
4.9	Өрт депосы (барлығы/ 1000 адам)	автомобиль саны	52/0,3	52/0,2	66/0,3
	жаңа құрылыс	орын			14
	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		0	4,2
	соның ішінде, бюджет қаражаты есебінен	млрд.теңге		0	4,2
4.1 0	4.1-4.9 тармақта есепке алынбаған мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілердің бағдарланған құны	млрд.теңге		0,10/0,058	0,19/0,005
4. 11	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен спорт объектілерінің құрылысы	млрд.теңге		0,16	0,3
4. 12	Бюджеттен басқа барлық көздер түрлері есебінен 4.1-4.11 тармақтарында көзделмеген мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілердің құрылысының болжанған құны	млрд.теңге		0	9,58
	<b>Көліктік</b>				

5	<b>қамтамасыз ету</b>				
5.1	Көше осьтері бойынша сызығының ұзындығы ГПТ	км	84,2	103,9	206,2
5.2	Магистралды көшелер және жолдар ұзындығы	км	71	90,7	201,2
	жаңа құрылыс	км		39,9	110,5
	құрылыстың бағдарланған құны	млрд.теңге		1,3	3,2
	соның ішінде, бюджет қаражаты есебінен/оның ішінде республикалық бюджет есебінен	млрд.теңге		0	0
5.3	Магистралды көшелердің орташа тығыздылығы	км/км <sup>2</sup>	2,4	2,5	2,2
6	<b>Инженерлік жабдықтау</b>				
6.1	Сумен жабдықтау				
6.1 1	Сомалық тұтыну - барлығы	мың.куб м/тәулік	50,84	90,25	106,13
	соның ішінде				
	- шаруашылық -ауыз су қажеттіліктері	мың.куб м/тәулік	41,64	76,05	91,18
	- өндірістік қажеттіліктер	мың.куб м/тәулік	9,2	14,2	14,95
6.1 2	- Бас су құбырлардың қуаттылығы	мың.куб м/тәулік	50,84	90,25	106,13
6.1 3	- сумен жабдықтауды пайдалану көздері:				
	- беткі көздерден су	мың.куб	50,84		106,13

	тартқылар	м/тәулік		90,25	
6.1 4	Арнайы су пайдалану, Есіл БВУ N 41 01.04.2004 ж. "Петропавл су" сумен жабдықтау	млн.куб.м/ жылына	22,43		
	Өнеркәсіптік сумен жабдықтау ПЖЭО-2	млн.куб.м/ жыл	22,95		
6.1 5	Оргаша суға тұтыну тәулігіне 1 адамға - барлығы	л/тәулік	263	430	461
	соның ішінде:				
	- шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері	л/тәулік	188	284	314
6.2	Су өткізу				
6.2 1	Ағын судың жалпы түсімі, барлығы	мың.куб м/тәулік	41,87	65,37	82,24
	соның ішінде:				
	- тұрмыстық канализация	мың.куб м/тәулік	36,4	59,4	71,98
	- өндірістік канализация	мың.куб м/тәулік	5,47	5,97	10,26
6.2 2	Канализация-лық тазартқыш құрылғылардың өнімділігі	мың.куб м/тәулік	41,87	65,37	82,24
6.3	Электрмен жабдықтау				
6.3 1	Электр қуатын сомалық тұтыну - барлығы	млн.сағ. кВт	716	1000	1440
	соның ішінде:				
	- коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер	млн.сағ. кВт	252	360	545
	- өндірістік қажеттіліктер	млн.сағ. кВт	464	640	895

6.3 2	Электрді тұтыну орташа жылына бір адамға	сағ.кВт	3704	4762	6261
	соның ішінде:				
	- коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер	сағ.кВт	1304	1714	2370
6.4	Жылумен жабдықтау				
6.4 1	Сомалық жылу жүктемелері	гкал/сағ.	884	1050	1427
	соның ішінде:				
	тұрғын үй-коммуналдық сектор	гкал/сағ.	624	710	987
	- өнеркәсіптік	гкал/сағ.	260	340	440
6.4 2	Жылу жүктемелерін жабу:				
	- ПТЭЦ-2	гкал/сағ.	672	780	1000
	- коммуналдық қазандықтар	гкал/сағ.	17	30	35
	- өнеркәсіптік қазандықтар	гкал/сағ.	22	37	64
	- ҚЭР (қайталама энергоресурстар)	гкал/сағ.		15	50
	- автономдық жылу жүйелері	гкал/сағ.	173	188	278
6.5	Газбен жабдықтау				
6.5 1	Сұйық газды тұтыну - барлығы	мың т./жылына		14,3	14,3
	соның ішінде:				
	- коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер	мың т./жылына		13,1	12,8
	- өнеркәсіптік қазандықтар	мың т./жылына		1,2	1,5
7	<b>Аумақты инженерлік дайындау</b>				
7.3	Топырақтағы				



1	су деңгейінің төмендеуі	га		6	12
8	<b>Түрлі қаржыландыру көздері есебінен бағдарланған инвестиция көлемі, барлығы/соның ішінде, бюджет есебінен</b>	млрд.теңге		88,7/8,19	325,2/8,78
	Соның ішінде, экономикалық қызмет түрлері бойынша, барлығы/соның ішінде, бюджет есебінен:				
8.1	Индустриалдық -инновациялық дамыту	млрд.теңге		40,0/0	123,8/0
8.2	Аумақты инженерлік жабдықтау және инженерлік дайындық	млрд.теңге		6,0/2,57	18,5/2,57
8.3	Көлік және көшелік-жол желісі	млрд.теңге		1,3/0	3,2/0
8.4	Қоршаған ортаны қорғау	млрд.теңге		1,0/0,89	2,0/0,89
8.5	Тұрғын үй құрылысы	млрд.теңге		30,4/5,0	150,0/24,4
8.6	Мәдени-тұрмыстық құрылыс	млрд.теңге		10,0/2,35	29,7/2,94
	<b>Бюджет деңгейі бойынша қаржыландыру көздерін бөлу</b>				
	<b>Жергілікті бюджет қаражаты есебінен/</b>	млрд.теңге			3,15/5,62

	<b>республика- лық бюджет есебінен</b>			2,57/5,62	
8.7	Инженерлік инфрақұрылым- ды дамыту және жайғастыру	млрд.теңге		0,77/1,8	0,77/1,8
8.8	Қоршаған ортаны қорғау	млрд.теңге		0,04/0,85	0,04/0,85
8.9	Тұрғын үй құрылысы, барлығы	млрд.теңге		1,1/1,28	1,1/1,28
8. 10	Мәдени-тұр- мыстық құрылыс	млрд.теңге		0,66/1,69	1,25/1,69

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК